

ӘДЕП НОРМАЛАРЫНЫҢ КОДЕКСІ



ALSTOM
• mobility by nature •

«Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау мәселесіне келетін болсақ, біз бәріміз жауаптымыз»



ТӨРАҒА ӘРІ БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ

— Біздің компаниямыз экологиялық тұрғыдан орнықты және зияткерлік мобильділікті қамтамасыз етуге бағытталған инновациялық шешімдердің жетекші әлемдік өндірушісі болуға ұмтылады. Осы ұмтылыстың негізінде компаниямыздың ең жоғары әдеп стандарттарына әрі барлық қолданылатын заңдарды және ішкі қағидалар мен рәсімдерді сақтауға дейін бейілділігі жатыр. Бұл көзқарас дұрыс шешім қабылдауды ғана емес, сондай-ақ табысты және экологиялық кәсіпкерлік пен дамудың кілтін білдіреді әрі оның негізгі аспектісі Икемділік, Инклюзивтілік және Жауаптылық деген негізгі құндылықтарымызды жүзеге асыру болып табылады.

— Осы Әдеп нормаларының кодексі бәріміз – Alstom-ның қызметкерлері үшін тұрақты бағдар болуға тиіс. Сіздерді Әдеп нормалары кодексінің қағидастарымен және қағидаларымен танысуға әрі оларды іс жүзінде қолдануға, сондай-ақ өздеріңізде туындауы мүмкін кез келген мәселелер бойынша басшылық ретінде Кодексті тапжылмай пайдалануға шақырамын. Мысалы, әдеп және құқықтық нормаларды сақтау мәселелері жөніндегі Елші болып, әріптестеріміз үшін үлгі болуға әрі әдеп нормаларын сақтауға бағытталған ұжымдық іс-шараларымызға қатысу мүмкіндігін іздестіруге тиіспіз.

— Біз – Alstom командасы болмаса, Әдеп нормаларының кодексі тиімсіз. Үздіксіз жетілу мен қателерді түзету Кодекстің нормалары мен ережелерін сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Егер алаңдаушылық туғызатын сұрақтарыңыз болса немесе Сіз қабылдауға келмейтін мінез-құлықтың куәсі болсаңыз, сіздерді корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімшенің назарын аудару мақсатында бұзушылықтар туралы ішкі хабар беру жүйесін – Alstom Alert Procedure-ді пайдалануға шақырамын. Әдеп нормалары кодексінің қағидаларын бұзушыларға тиісті тәртіптік шаралар қолданылатын болады. Өз кезегінде, осындай бұзушылықтар туралы мәлімдеушілердің кез келген құдалау нысандарынан қорғалатынына кепілдік беремін.

— Біздің құндылықтарымыз бен әдеп нормаларымыз – Alstom компаниясының мақтанышы мен бірлігінің негізі. Олар неғұрлым құнды активтердің бірі болып табылады әрі біз алдағы уақытта да оларға құндылықтардың көзі ретінде жүгініп, оларды басшылық ретінде пайдаланамыз.

— Компаниямыздың табысты дамуының сыни аспектісі Әдеп нормаларының кодексінің күнделікті қолдану және Alstom қызметкерлері арасында, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша тарату болып табылады. Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау мәселесіне келетін болсақ, біз бәріміз жауаптымыз.

Анри Пупар–Лафарж
Төраға әрі Бас директор



БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Компания Икемділік, Инклюзивтілік және Жауаптылық деген үш негізгі құндылықты басшылыққа алады. Бұл құндылықтар Alstom қызметкерлерінің жұмысында қозғаушы күш болып табылады.

— ИКЕМДІЛІК —

Біз тез әрекет етеміз, күнібұрын болжаймыз, үнемі үйренеміз және бейімделеміз.

- Біз динамиканы сақтай отырып және алға қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағыттала отырып, сыртқы өзгерістерді күнібұрын болжап, оларға бейімделеміз. Компаниямыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында білім алу, өзіміздің әлеуетімізді нығайту және мүдделі тараптармен тиімді келісу мүмкіндіктерін пайдаланамыз.

— ИНКЛЮЗИВТІЛІК —

Біз саналуандықты бағалаймыз.

- Біз жұмыс ортасындағы және мәдениеттегі инклюзивті мобильділік бойынша шешімдерді әзірлейміз, олар біріктіруге, құрметтеуге және алдын ала пішілген көзқарассыз мүмкіндіктер ұсынуда бағытталған. Әркімнің компанияның дамуына өз үлесін қосуға және Alstom-да жетістікке жетуге мүмкіндігі бар.

— ЖАУАПТЫЛЫҚ —

Біз қызметкерлеріміздің, тапсырыс берушілеріміздің және қоғам алдында жауаптымыз.

- Біз өз міндеттемелерімізді орындаймыз.
- Біз адал әрекет етеміз және өзіміздің мінез-құлқымыз бен әрекеттеріміз үшін, сондай-ақ өзіміз қабылдайтын шешімдердің салдары үшін жауапты боламыз.
- Біз корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын сақтауға қатысты жауаптымыз.

МАЗМҰНЫ

ӘДЕП НОРМАЛАРЫНЫҢ КОДЕКСІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ? КОДЕКС КІМДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАДЫ? 6

Қызметкерлердің міндеттері	7
Басшылардың міндеттері	7
Шешім қабылдау кезінде әдеп нормаларын сақтау	8
Моральдық-әдеп нормаларының бағдарламасы	8
Ресурстар	9
Бұзушылық туралы хабар беру	9

ҚЫЗМЕТІМІЗДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ӘДІСТЕРІ

1 Заңдарды және нормативтік-құқықтық актілерді сақтау	11
2 Alstom-ның барлық қағидалары мен саясаттарын сақтау	11
3 Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жасау	11
4 Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықты болғызбау	12
5 Бәсекелестік туралы заңнаманы сақтау	13
6 Экспорттық бақылау және сауда шектеулері	14
7 Мүдделер қақтығысы	15
8 Сыйлықтар мен қонақ-жайлылық белгілері	16
9 Ішкі бақылау	17

ІСКЕРЛІК ӘРІПТЕСТЕРІМІЗБЕН СЕНИМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ

1 Тапсырыс берушілер	19
2 Өнім берушілер және мердігерлер	20
3 Сауда әріптестері	21
4 Мемлекеттік сатып алу	21

ALSTOM ӨЛЕУМЕТТІК ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ КОМПАНИЯ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

1 Қоршаған ортаны қорғау	23
2 Қоғамдастықтармен қарым-қатынастар	23
3 Саяси жарналар мен қызмет	24
4 Қайырымдылық қайырымалдықтар	24
5 Демеушілік	24

ҚҰРМЕТ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІЛІК

1 Адам құқықтарын құрметтеу	26
2 Қызметкерлермен өзара қарым-қатынастар	26
3 Қызметкерлердің мансаптық өсуін басқару	26
4 Тең мүмкіндіктер, инклюзивтілік және кемсітушіліктің болмауы	27
5 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	28
6 Қызметкерлердің қауіпсіздігі	29
7 Деректердің құпиялылығы	29

КОМПАНИЯНЫҢ МҮЛКІН ҚОРҒАУ

1 Компанияның байланыс құралдарын пайдалану	31
2 Құпия ақпаратты қорғау	32
3 Зияткерлік меншік	33
4 Құпия ақпаратты пайдалана отырып жасалатын заңсыз операциялар	33
5 Талдаушыларға және/немесе инвесторларға ақпаратты ұсыну	34
6 Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас жасау	34
7 Өлеуметтік желілерді пайдалану	34


ӘДЕП НОРМАЛАРЫНЫҢ КОДЕКСІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Alstom компаниясы өз бизнес-қызметінің барлық салаларында әдеп және құқықтық нормаларды сақтауға шынайы берілген. Осы міндеттемені орындау және компанияның беделін қорғау мақсатында Alstom-ның барлық қызметкерлері қолданыстағы барлық мінез-құлық стандарттары мен нормаларын қолдану үшін ортақ жауаптылықта болады. Әдеп нормаларының кодексі күнделікті қызметімізді жүргізуге ықпал ететін басшылық қағидаттар мен қағидалар жазылған негіз қалаушы құрал болып табылады.

Осы Кодекс Alstom компаниясының құндылықтары, құқықтық нормалары, ережелері, мінез-құлық қағидалары мен нұсқаулықтары туралы ақпарат жазылған жоғары деңгейдегі құжат болып табылады. Негізгі тақырыптық салаларда әдеп қағидалары мен нормаларының қолданылуын көрсету мақсатында Кодексте практикалық мысалдар келтірілген. Кодекс барлық мәселелерді қамтымайды, одан гөрі ол қосымша ақпаратты алу қажет болған жағдайда бағытты көрсетуге және тиісті ресурсты іздеуге жәрдемдесуге арналған бастапқы нүкте болып табылады.

КОДЕКС КІМДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАДЫ?



* Alstom компаниясы бақыламайтын кез келген басқа кәсіпорындар осы Кодексте жазылған барлық құқықтық талаптар мен қағидаттарды енгізуге және қолдануға тиіс. Егер осы кәсіпорындардың қайсыбірі аталған әдеп қағидалары мен рәсімдерін сақтамайтын болса, онда оған қатысты қосымша тексеру және тиісті түзету шаралары жүргізілетін болады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ



Alstom компаниясының әрбір қызметкері бизнес-әдеп пен нормаларды сақтау шеңберінде жеке өзі жүріс-тұрыс үлгісін көрсетуге тиіс. Қабылданған міндеттерді ескере отырып, қызметкер:

- Осы Әдеп нормаларының кодексінде ашылатын мәселелер мен тиісті нұсқаулықтар туралы жалпы түсінігі болуға
- Барлық жаңартулар туралы хабардар болуға тиіс, өйткені, Сіз осы құжаттың ең соңғы нұсқаларын біліп, жұмыста қолдануға тиіссіз
- Alstom-ның өзекті нұсқаулықтары мен Өзіңіздің жұмысыңызға қатысты рәсімдер туралы нақты түсінігі болуға және толық әрі ең жаңа ақпараттың болуын үнемі тексеріп отыруға
- Әдеп нормаларының кодексіне, Alstom компаниясының Моральдық-әдеп нормаларының бағдарламасына және Alstom-ның нұсқаулықтарына қатысты кез келген мәселелер бойынша өзінің басшысына немесе басқа адамға, яғни,

бөлімінің жұмыскерлеріне, әдеп және құқықтық нормалар жөніндегі елшілерге әрі персоналмен жұмыс жөніндегі бөлімнің қызметкерлеріне жүгінуге

- Alstom Alert Procedure бұзушылықтар туралы ішкі хабар беру жүйесін қоса алғанда, корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау бөлігінде барлық қолжетімді ресурстармен танысуға
- Құқыққа сыйымсыз мінез-құлық жағдайлары туралы дереу хабарлауға тиі

Әдеп нормаларының кодексін сақтамай Alstom-ға ғана емес, сондай-ақ компанияның қызметкерлері ретінде өздеріңізге де қатысты жазалауға алып келуі мүмкін.

БАСШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ



Барлық басшылар құқықтық нормалар мен іскерлік әдепті сақтау шеңберінде жоғары мінез-құлық стандарттарын белгілеуге тиіс. Alstom компаниясының басшылары тәуекелдерді анықтау және азайту бойынша бастама таныта отырып, сондай-ақ қажет болған кезде мәселелерді жоғары басшылықтың қарауына ұсына отырып, Моральдық-әдеп нормаларының бағдарламасын іске асыру шеңберінде үлгі болады деп сенеміз. Басшының рөлі мыналарды білдіреді:

- Кодексте қамтылатын тақырыптарды және онда жазылған басшылық қағидаттарды терең түсіну
- Кодекс, Alstom-ның нұсқаулықтары және қолданылатын заңдар туралы білімімен қызметкерлермен және қажет болған кезде үшінші тараптармен бөлісу
- Қызметкерлердің Кодекс және Alstom-ның тиісті нұсқаулықтары бойынша қажетті оқытудан өткендігіне кепілдік беру

- Бизнесі жүргізу процесінде туындауы мүмкін құқықтық тәуекелдерді анықтап, күнібұрын алдын алу
- Бүкіл ұйым ішінде функционалдық тәуекелге қатысты процестер туралы ақпаратты таратуды, түсінуді және қолдануды қамтамасыз ету
- Бөліміңіздің қызметкерлерінің өзіңіздің еліңізде қолданылатын заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес бөліміңіздің ішінде Alstom Alert Procedure бұзушылықтар туралы ішкі хабар беру жүйесін қолдануын қамтамасыз ету

- Проблема туралы өзіңіз алған ақпаратты тиісті адамға беру
- Проблемалы мәселелерді жоюға бағытталған түзету шараларын қолдану
- Alstom компаниясының нұсқаулықтарын қолдану және құқықтық нормаларды сақтау

Әдеп нормаларының кодексін сақтамай Alstom-ға ғана емес, сондай-ақ компанияның қызметкерлері ретінде өздеріңізге де қатысты жазалауға алып келуі мүмкін.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕ ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАУ



Осы Кодекс құқықтық нормалар мен іскерлік әдеп шеңберінде шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін тетіктерді көздейді. Алайда, кейбір сұрақтарға жауап беру соншалықты оңай емес. Қандай да бір әрекеттер жасамас бұрын, шешім қабылдау процесінде мыналарды назарға алған жөн:

- Alstom-ның қағидалары мен нұсқауларында әрекеттердің осындай сын бейнесіне жол беріле ме?
- Мұндай шешім Alstom компаниясын әдеп және құқық нормаларына сәйкес келмейтін жағдайға қоя ма?
- Әрекеттердің осындай сын бейнесі Alstom компаниясының беделіне әлеуетті зиян келтіре ме?
- Жағдай іс жүзінде немесе болжалды мүдделер қақтығысын туғыза ма?
- Мен өз әрекеттерімнің ықтимал салдарын мұқият қарадым ба?
- Өз шешімімді әріптестеріме, отбасыма немесе достарыма түсіндіру маған ыңғайсыз бола ма?
- Дұрыс шешім қабылдауға жәрдемдесу үшін компанияның барлық қолжетімді ресурстарына жүгіндім бе?

МОРАЛЬДЫҚ-ӘДЕП НОРМАЛАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Alstom компаниясы өз қызметін әдеп нормалары шеңберінде және барлық қолданылатын халықаралық қағидаларға, заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізу қағидаттарын ұстанады. Alstom-ның моральдық-әдеп нормаларының бағдарламасы лайықты іскерлік мінез-құлықтың іргелі қағидаттарын айқындайды және барлық қызметкерлерге корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау

мәселелері жөніндегі Басшының корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сондай-ақ топтық нұсқаулықтарды, тұрақты тренингтерді және кеңес беретін ақпаратты таратуды қоса алғанда, кәсіби әдеп мәдениетін қолдау үшін қажетті құралдарды ұсынады. Бағдарламаның негізінде корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бағдарламалар үшін көзделген қолданыстағы салалық стандарттар жатыр. Бұл бағдарламаға үнемі өзекті өзгерістер енгізіліп отырады.

РЕСУРСТАР



БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАР БЕРУ



Осы Кодекс құқықтық нормалар мен іскерлік әдеп шеңберінде шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін тетіктерді көздейді. Алайда, кейбір сұрақтарға жауап беру соншалықты оңай емес. Қандай да бір әрекеттер жасамас бұрын, шешім қабылдау процесінде мыналарды назарға алған жөн:

- Өзіңіздің басшыңыз
- Персоналмен жұмыс жөніндегі бөлімнің қызметкері
- Заң бөлімінің қызметкері
- Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімнің қызметкері
- Әдеп және құқықтық нормалар жөніндегі Елші
- Ішкі бақылау бөлімінің немесе ішкі аудит бөлімінің қызметкері

Alstom компаниясында бұзушылықтар туралы хабар берудің бірнеше әртүрлі тәсілі көзделген. Егер осы Кодекстің қағидаларын, Alstom-ның Нұсқаулықтарын немесе заңдарды бұзу орын алуда деп пайымдауға негізіңіз болса, бұл туралы басшыңызға, персоналмен жұмыс жөніндегі бөлімнің маманына немесе заң бөліміне хабарлағаныңыз жөн. Егер Сізге жоғарыда аталған адамдардың бірімен сөйлесу ыңғайсыз болса, бұзушылық туралы төменде санамаланған адамдардың біріне хабарлай аласыз:

- Аға вице-президент немесе Өңірдегі вице-президент
- Заң мәселелері және корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі өңірлік вице-президент
- **Бас заң консультанты:**
Emmanuelle Petrovic (Эммануэль Петрович)
48 rue Albert Dhalenne
93400 Saint-Ouen, France
+33 1 1 57 06 10 36
emmanuelle.petrovic@alstomgroup.com
- **Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау мәселелері жөніндегі басшы:**
Inge De Venter (Инге Де Вентер)
48 rue Albert Dhalenne
93400 Saint-Ouen, France
+33 1 57 06 19 42
inge.de-venter@alstomgroup.com

Сонымен қатар, қосымша ақпаратты мынадай электрондық ресурстардың көмегімен алуға болады:

- Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау мәселелері бойынша Sharepoint порталында: <https://alstomgroup.sharepoint.com/sites/TrEthicAndComplianceCommunity/SitePages/Home.aspx>
- Alstom-ның басқару жүйесіндегі (AMS) нұсқаулықтар, саясаттар мен басшылықтар
- Alstom-ның веб-сайтында: <https://www.alstom.com/commitments/ethics>

Сонымен қатар, Alstom компаниясында бұзушылық туралы құпия хабар жіберуге мүмкіндік беретін жедел телефон желісі мен веб-порталды қамтитын «Хабар беру рәсімі» көзделген. Хабар беру рәсімі қызметкерлер, мердігерлер, өнім берушілер немесе біз ынтымақтастық жасайтын кез келген үшінші тұлғалар үшін қолжетімді және Өзіңіз резиденті болып табылатын немесе Сіз жұмыс істейтін елде қолданылатын заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес пайдалануға жатады.

Бұзушылық туралы хабарлар тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн, жылына 365 күн Хабар беру рәсімінің көмегімен жіберілуі мүмкін. Мынадай екі қолжетімді әдіс көзделген:

- Қорғалған веб-сайт: www.alstom.ethicspoint.com
(бұзушылық туралы хабар беретін адамдардың ақпаратты өз бетінше енгізуі үшін)
- Тегін жедел желі, телефон нөмірлері қорғалған веб-сайтта елдер бойынша көрсетілген (бұзушылық туралы операторға хабарлау үшін)

Қызметкер құпиялылығы сақтағысы келген кезде ол үшін барлық қажетті шаралар қолданылатын болады. Бірде-бір қызметкер адал ниетін негізге ала отырып, бұзушылық туралы хабар бергені үшін немесе кейіннен шара қабылдауды талап ететін кез келген мәселелерді шешудегі ынтымақтастығы үшін қандай да бір қудалау нысанына ұшырамайды.



ЗАҢДАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ САҚТАУ



Alstom-ның беделі компания ұсынылған және өз қызметін жүзеге асыратын барлық елдерде іс жүргізуді реттейтін заңдарды, нормативтік-құқықтық актілерді және өзге де талаптарды сақтауға негізделген. Alstom-ның әрбір қызметкерінің міндеттемелеріне оның лауазымдық міндеттеріне және кәсіби саласына қатысты немесе ықпал ететін заңдарды, нормативтік-құқықтық актілер мен талаптарды білу кіреді. Аталған заңдарды немесе нормативтік-құқықтық актілерді кез келген бұзу қызметкерлерді немесе Alstom компаниясының өзін азаматтық және қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін негіз бола алады.

Біздің жоғары әдеп қағидаттарымызға кепілдік беру үшін біз қолданылатын ішкі заңдарда және нормативтік-құқықтық актілерде қамтылмаған бірқатар стандарттарға сәйкес келуді де талап етеміз. Біз Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ), БҰҰ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының басшылық қағидаттарын, Жаһандық шарттың, Халықаралық еңбек ұйымының, Халықаралық сауда палатасының Негіз қалаушы конвенцияларының қағидаттарын және Францияның Қырағылық туралы заңын сақтаймыз.

ALSTOM-НЫҢ БАРЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН САЯСАТТАРЫН САҚТАУ



Компанияның қызметіне қолданылатын заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерге қосымша Alstom-ның компанияның қызметкерлері күнделікті қызметінде басшылыққа алатын ішкі қағидалары, нұсқаулықтары, нормалары мен саясаттары бар. Alstom-ның барлық қызметкерлері компанияның барлық қағидаларын сақтауға міндетті. Alstom-ның қағидаларын кез келген бұзу немесе сақтамау жұмыстан шығаруды қоса алғанда, тәртіптік шараларға алып келуі мүмкін.

АҚШАНЫ ЖЫЛЫСТАТУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ



Ақшаны жылыстату – бұл салық төлеуден жалтару, сыбайлас жемқорлық, қаржылық алаяқтық немесе терроризм сияқты қылмыстық әрекеттен алынған қаражатты заңдастыру және заңсыз алынған қаражатты жасыру. Alstom компаниясында ақшаны жылыстатуды болғызбау үшін рәсімдер көзделген. Alstom әрдайым ақша қаражатының көзін тексереді, істі сенімді әріптестермен жүргізеді және қаржылық операцияларды ақшаны жылыстатуға қарсы күрес бойынша барлық қолданылатын заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізеді.

Егер ұсынылып отырған мәміледе бірдеңе сізге күмәнді, орынсыз болып көрінсе немесе қолданылатын заңдарды, нормативтік-құқықтық актілерді немесе Alstom-ның ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі саясаттары мен рәсімдерін бұзуы мүмкін болса, онда өзіңіздің тікелей басшыңызға немесе қаржы бөліміне жүгінген жөн.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН ПАРАҚОРЛЫҚТЫ БОЛҒЫЗБАУ



Alstom өз қызметін адал жүзеге асыратын компания ретінде өзінің беделін сақтау қағидаттарын ұстанады. Бұл компанияның қарым-қатынастарды сенім және біздің қызметімізде сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа жол берілмейді деген өзара түсіністік негізінде орнататынын білдіреді.

Біз пара алмаймыз және бермейміз.

Компанияның барлық қызметкерлеріне оң шешім қабылдау, коммерциялық пайда алу орнына немесе бизнесті сақтап қалу мақсатында ақшалай немесе өзге де сыйақы ұсынуға, төлеуге, жасауға, талап етуге немесе қабылдауға тыйым салынады. Бұл тыйым салу формальдылықтарды жеңілдету үшін, әдетте, заңды арналар арқылы жүзеге асырылатын міндетті әкімшілік рәсімдерді бекітуді «жеделдету» мақсатында төленетін ақша қаражатының шағын сомалары түріндегі төлемдерге қолданылады. Мұндай төлемдер шағын сыбайлас жемқорлық нысандарының бір түрі болып табылады, Alstom-ның саясатына қайшы келеді және көптеген елдерде заңсыз болып табылады.

Компанияның барлық қызметкерлері Alstom өз қызметін жүзеге асыратын елдерде парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы барлық заңдардың сақталуы үшін ортақ жауаптылықта болады. Alstom ЭЫДҰ Парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі конвенциясының, Францияның

қылмыстық заңнамасының, АҚШ-тың Шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы заңының (FCPA), Францияның 2007 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңының және Францияның Sapin II Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңының, Ұлыбританияның 2010 жылғы Парақорлық туралы заңының талаптарын, сондай-ақ компания қатысатын және өз қызметін жүзеге асыратын елдердегі барлық қолданылатын заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын толық сақтайды.

Сонымен қатар, Alstom Халықаралық сауда палатасының (ХСП) ерікті стандарттарын және АҚШ-тың Сыртқы экономикалық қызметтегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңын қолдану жөніндегі анықтамалықтың нұсқаулықтарын орындайды. Осы заңдардың кез келгенін бұзу компания ретінде Alstom-ға және жекелеген қызметкерлерге ірі айыппұлдар салуға алып келуі мүмкін елеулі құқық бұзушылық болып табылады. Тіпті осы заңдарды бұзды деген күдік Alstom-ның беделіне нұқсан келтіріп, оның қызметкерлерін тәуекелге ұшыратуы мүмкін.



АНАГҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН LGL-WMS-020 «САУДА ӘРІПТЕСТЕРІ» ДЕГЕНДІ ҚАРАҢЫЗ НЕМЕСЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАҒИДАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК ӘДЕПТІ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

Q Әріптесім біз жөнелтетін жабдықтың кедендік ресімдеуден өтуіне жәрдем көрсету мақсатында жергілікті «консультантты» жалдауға ұсыным берді. Консультант ірі мөлшерде алдын ала гонорар сұрап, ақша жүкті кедергісіз жіберу және кедендік ресімдеу рәсімін жеделдету үшін пайдаланылады деп түсіндірді. Біз қаражатты жұмсау мақсатын нақты білмейтіндіктен, мұндай уағдаластыққа жол беріле ме?

Жоқ, ақы төлеудің бұл түрі жасырын пара болуы мүмкін және тиісінше оған тыйым салынған. Alstom-да сату жөніндегі консультанттарды тарту кезінде қаржы-заң сараптама-сының қатаң рәсімі көзделген әрі бұл рәсім біз жалдайтын бөгде ұйымдардың компанияның атынан лайықсыз төлем жасамауын қамтамасыз ету мақсатында олардың қызметінің мониторингін қамтиды.

Q Ірі клиенттеріміздің бірі біздің қосалқы мердігерімізге біз ақша қаражатының белгілі бір сомасын төлеген жағдайда, ол келісімшарт жасасуды қамтамасыз ете алады деп айтты. Қосалқы мердігер бізге осы ұсыныс туралы айтып, қарсы емес екенін және мұндай төлемді «өзгелер» бабымен болашақ шот-фактураға қоса алатынын айтты. Мұндай уағдаластыққа жол беріле ме?

Жоқ. Төлемнің мұндай түрі шешім қабылдау процесіне құқыққа сыйымсыз әсер етуге арналған және пара болып есептеледі. Мұндай төлемдерге заңсыз сипат тән. Қосалқы мердігерге мұндай төлемдерді жүзеге асыруға жол берілмейтіндігі туралы хабарлау және Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімді немесе Заң бөлімін хабардар ету қажет.

Q Alstom компаниясы жаңа кеңсесін ашып жатыр және жергілікті органдар орналасуға арналған рұқсатты алғанға дейін жалпы «алымды» төлеуді талап етті. Сұратылып отырған сома азғантай, кеңсеге кіру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін осындай алымды төлеуге жол беріле ме?

Жоқ. Мұндай төлем заңды алым болып табылмайды, демек, компания оны төлеуге тиіс емес. Егер Сізге осы мәселе бойынша қосымша консультация қажет болса, Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімге немесе Заң бөліміне хабарласыңыз.

БӘСЕКЕЛЕСТІК ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫ САҚТАУ



Бәсекелестік туралы заң нарықта компаниялардың адал бәсекелестігін қамтамасыз етеді. Alstom компаниясы барлық тиісті бәсекелестік туралы заңдарды сақтайды және өз қызметін тек қана адал әрі ашық бәсекелестік негізінде жүргізеді. Alstom-ның қызметкерлері ниеті немесе салдары сөз байласу бойынша баға белгілеу, тендерлік процесті бұзу, нарықты немесе тапсырыс берушілерді бөлу, өндірісті шектеу немесе тапсырыс берушіге немесе өнім берушіге бойкот жариялау болып табылатын бәсекелестермен қандай да бір келісімдерге қатыспауға тиіс.

Alstom-ның қызметкерлері осы арқылы бәсекелестік туралы заңдарды бұза отырып, бәсекелестермен құпия коммерциялық ақпарат алмаспауға тиіс. Сонымен қатар, олар сауда қауымдастықтарына қатысу кезінде ерекше сақтық танытуға тиіс. Құпия ақпарат бағаларға, сату немесе сатып алу шарттарына, өнімдердің сапасына, сипаттамаларына, техникалық параметрлеріне, пайдаға, маржа мен өнімділік туралы деректерге, сату немесе тапсырыстар туралы деректерге, клиенттерге, өндіріс көлеміне, өндірістік қуатқа, шығындарға, инвестициялық жоспарларға қатысты ақпаратты және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді қамтиды.

Бәсекелестік туралы заңдарды бұзатын мінез-құлық Alstom-ға елеулі айыппұлдар салуға алып келуі және компанияның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Бұдан басқа, жеке тұлғалар түрмеге қамауды қоса алғанда, азаматтық, еңбек немесе қылмыстық жауаптылықта болуы мүмкін. Бәсекелестік туралы заңдарды



қазақ сақтаудың нақты әрі елеулі артықшылықтары бар: инновацияларды ілгерілету және көтермелеу, жоғары сапалы өнімдер өндіру, тұтынушыларды қорғау және Alstom компаниясының бизнесті адал жүргізуге деген бейілділігін нығайту.

Бұл қағидалар кешенді сипатқа ие болғандықтан және елге қарай ерекшеленетіндіктен, қажет болған кезде қызметкерлер нақтылау үшін Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімге немесе Заң бөліміне консультация алу үшін хабарласқан жөн.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ
АЛУ ҮШІН ALSTOM-НЫҢ LGL-WMS-007
«БӘСЕКЕЛЕСТІК ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫ ЖӘНЕ
МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ САҚТАУ»
ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢЫЗ.

Q Сауда қауымдастығының кеңесі барысында кофе-брейкте мен әртүрлі бәсекелес ұйымдардың сату жөніндегі менеджерлерімен кездестім. Бәсекелес А былай деді: «Келесі айда бағаны 5%-ға көтеругіз ықтимал». Бәсекелес Б баға «шын мәнінде осы сомаға көтерілуге тиіс» деп келісті. Бірақ мен Alstom-ның өкілі ретінде үндемедім. Келесі айда барлық үш компания бағаны көтерді. Ештеңе айтпай мен дұрыс істедім бе?

➤ Жоқ, бұл Сіз ештеңе айтпаған болсаңыз да, бағаны сөз байласу бойынша белгілеуді білдіретін болады. Осындай талқылау кезінде болған жағдайда Сіз қарсылық білдіріп, кеңестен кетіп қалуға және сіздің қарсылықтарыңыз бен кетіп қалуыңыз жиналыс хаттамасында тиісті түрде көрсетілгеніне көз жеткізуге тиіссіз. Сонымен қатар, Сізге Заң бөліміне бұл оқыс оқиға туралы есеп жіберген жөн, ол өз кезегінде келесі қадамдар туралы шешім қабылдайтын болады.

Q Мен көрмелерге жиі барамын және кейде бәсекелес ұйымдарда жұмыс істейтін әріптестерімді кездестіремін. Кейде көрмеге келушілер іс-шарадан кейін әңгімелесу үшін барда немесе мейрамханада кездеседі. Біз жұмыс тақырыптарын талқыламауға тырысамыз, бірақ жақында өткен көрмеде бәсекелес ұйым қызметкерлерінің бірі өзінің компаниясы әзірлеп жатқан кейбір жаңа технологияларды атап өтіп, егжей-тегжейіне кіре бастады. Осындай сипаттағы әңгіме орынды ма?

➤ Бәсекелестермен өнімдер, өнімдерді әзірлеу, технологиялар немесе баға туралы кез келген әңгімелерге жол берілмейді. Егер сіз осындай жағдайға тап болсаңыз, Сіз дереу әңгімені тоқтатып, оқыс оқиға туралы Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімге хабарлауға тиіссіз.

ЭКСПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ САУДА ШЕКТЕУЛЕРІ



Alstom тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің импорты мен экспортына байланысты қызметті жүзеге асыратын халықаралық ұйым болып табылады. Компания халықаралық сауданың барлық қолданылатын заңдарын, қағидалары мен нормаларын сақтайды. Бұдан басқа, біз үкіметтер енгізген және біздің қызметімізге қолданылатын сауда санкцияларын және әкелуге / әкетуге арналған шектеулерді сақтаймыз. Әрі азаматтық, әрі әскери салаларда пайдаланылуы мүмкін құрамдастар, бағдарламалық қамтылым және технологиялық деректер сияқты қосарлы мақсаттағы технологиялар мен тауарларға ерекше көңіл бөлінуге тиіс.

Халықаралық саудаға байланысты Alstom-ның қызметкерлері барлық соңғы қолданылатын қағидалардың сақталатынына кепілдік беруге және қажет болған кезде Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімге немесе Заң бөліміне консультация алу және нақтылау үшін хабарласуға тиіс. Осы заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерді сақтамау Компания үшін де, оның қызметкерлері үшін де қатаң санкцияларға, оның ішінде одан әрі экспорттық қызметке тыйым салуға және қылмыстық жауаптылыққа алып келуі мүмкін.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН LGL-WMS-029 «ЭКСПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ САУДА ШЕКТЕУЛЕРІ» ДЕГЕНДІ ҚАРАҒЫЗ НЕМЕСЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАҒИДАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК ӘДЕПТІ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

Q Сауда санкциялары қолданылмайтын Оңтүстік Азиядағы елде орналасқан тапсырыс берушіге жүрісті арбаларға арналған мойынтіректерді Франциядан жедел экспорттауым керек. Бұл жағдайда экспорттық бақылау қағидалары қолданылмайды деп ойлаймын және қалайша мойынтіректерді қосарлы мақсаттағы тауарлар ретінде қарауға болатынын түсінбеймін. Жіберер алдында Сізге экспортталатын тауардың соларға сәйкес экспортқа арналған лицензия талап етілетін қосарлы мақсаттағы тауарлар туралы қолданылатын ережелермен реттелетінін-реттелмейтінін тексеру қажет.

Жоқ, ЕО-ның қосарлы мақсаттағы тауарлар туралы Ережелері мойынтіректердің белгілі бір түрлерін қосарлы мақсаттағы тауарлар ретінде сыныптайды және Еуропалық Одақтың шегінен тыс экспорттың барлық түрлеріне қолданылады (тіпті межелі елге санкциялар қолданылмаса да). Жіберер алдында Сізге экспортталатын тауардың соларға сәйкес экспортқа арналған лицензия талап етілетін қосарлы мақсаттағы тауарлар туралы қолданылатын ережелермен реттелетінін-реттелмейтінін тексеру қажет.

Q Alstom компаниясы бірнеше жобаны іске асырған Шығыс және Оңтүстік Африканың ортақ нарығы (COMESA) еліндегі елеулі іскерлік мүмкіндіктер туралы естідім. Әлеуетті тапсырыс беруші жобаны жылдам іске қосу және іске асыру туралы ниет білдірді. Өзара түсіністік туралы меморандумға келесі апта ішінде қол қойылады. Қандай да бір алдын ала мақұлдауды сұрату керек пе?

Иә. Бизнесті дамытудың жаңа мүмкіндіктеріне қатысты қандай да бір құжаттарға (олардың міндетті күшінің бар-жоғына қарамастан) қол қоймас бұрын Сізге нысаналы елдің сауда санкцияларының объектісі болып табылатынын-болып табылмайтынын тексеріп, қажетті мақұлдауларды алу қажет.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ



Жеке мүдделер Alstom компаниясының заңды іскерлік мүдделерін бұзған кезде мүдделер қақтығысы туындайды. Егер сіздің жеке, әлеуметтік, қаржылық немесе саяси қызметіңіз (немесе сіздің отбасы мүшелеріңіздің немесе туыстарыңыздың қызметі) Alstom компаниясындағы кәсіби міндеттеріңізге әсер етсе, мүдделер қақтығысы орын алуы мүмкін. Егер сіз іс жүзіндегі немесе болжалды мүдделер қақтығысына байланысты жағдайға тап болсаңыз, бұл туралы өзіңіздің тікелей басшыңызға хабарлауға тиіссіз.

Төменде санамаланған жағдайлар мүдделер қақтығысын туғызуы мүмкін:

- Қоса атқарылатын жұмыс
- Директор немесе консультант ретіндегі жұмыс
- Қолда бар немесе әлеуетті өнім берушінің, клиенттің, бәсекелестің компаниясына, консалтингтік компанияға немесе Alstom компаниясының кез келген іскерлік әріптесіне қандай да бір инвестициялар салу немесе ондағы үлесті иелену

- Егер отбасыңыздың мүшелері немесе туыстарыңыз осындай үшінші тараптың компаниясында жұмыс істесе, клиент, өнім беруші, сауда әріптесі немесе кез келген басқа да үшінші тарап болуы мүмкін іскерлік әріптеспен тікелей жұмыс істеу
- Бұрынғы мемлекеттік қызметшілерді немесе олардың отбасы мүшелерін қабылдау

Мүдделер қақтығысының туындауын болғызбау үшін қызметкерлер ақыл-ойды басшылыққа алып, іскерлік шешімдердің объективтілігі бұзылуы мүмкін барлық жағдайларда тиісті түрде әрекет етуге тиіс.



**АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ
ҮШІН ALSTOM-НЫҢ LGL-WMS-015
«МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСТАРЫН БАСҚАРУ»
ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢЫЗ НЕМЕСЕ
КОРПОРАТИВТІК ҚАҒИДАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК
ӘДЕПТІ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ
КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.**

Q Менің ағам Alstom компаниясының өнім берушісі болып табылатын шағын компаниядағы үлесті иеленеді. Біз бизнес туралы сөз қозғамаймыз және мен өнім берушіні тарту туралы шешім қабылдауға ешқашан қатысқан емеспін. Мұндай қарым-қатынастар туралы хабардар етуге тиіспін бе?

➤ Иә. Сіздің қарым-қатынастарыңыз мүдделер қақтығысының көрінісін туғызуы әбден мүмкін. Сіз осындай қарым-қатынастар туралы Персоналмен жұмыс жөніндегі бөлімге және өзіңіздің тікелей басшыңызға хабарлауға, сондай-ақ ақпаратты ашу туралы қажетті нысанды толтыруға тиіссіз. Тіпті егер тікелей мүдделер қақтығысы болмаса да, қақтығыстың көрінісі Сіз үшін де, Alstom компаниясы үшін де проблемалар туғызуы мүмкін.

— ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНЫМЫСАЛЫ —



СЫЙЛЫҚТАР МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ



Іскерлік қатынастар тұрғысынан материалдық сыйлықтармен немесе қонақжайлылық белгілерімен алмасу мүдделер қақтығысының көрінісін туғызуы мүмкін және дұрыс іскерлік пайымдауға кедергі келтіруі мүмкін. Alstom компаниясының мақсаты кез келген іскерлік шешімдердің тек қана адал бәсекелестік, компания ұсынатын өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің техникалық сипаттамалары мен сапасы негізінде жүзеге асырылатынына кепілдік беру болып табылады. Қандай да бір артықшылық алу не заңды, лауазымдық міндеттерді, Әдеп нормаларының кодексінен немесе Alstom-ның қолданылатын нұсқаулықтарын бұза отырып, іскерлік шешімнің нәтижесіне ықпал ету мақсатында сыйлықтар беруге немесе қонақжайлылық белгілерін көрсетуге жол берілмейді.

Кез келген сыйлық немесе қонақжайлылық белгісі Alstom-ның Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері жөніндегі нұсқаулығында жазылған ақшалай баламадағы қолданыстағы шектеулерге және алдын ала бекіту рәсіміне қатаң түрде сәйкес келуге тиіс. Барлық сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерінің заңды әрі заңға сәйкес іскерлік мақсаты болуға тиіс.

Қызметкерлер сыйлықтарды, ойын-сауықты, іс-шараларға шақыруларды, тұруды, көрсетілетін қызметтерді, несиелерді, мүлкті немесе жабдықты пайдалануды немесе басқа да ерекше ілтипат белгілерін қоса алғанда, мақсаты іскерлік шешімге әсер ету талпынысы болып табылатын, құндылығы бар кез келген заттарды ұсынбауға, қабылдамауға немесе отбасы мүшесіне немесе туысына қабылдауға рұқсат бермеуге тиіс.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ **ҮШІН ALSTOM-НЫҢ LGL-WMS-010 «СЫЙЛЫҚТАР МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ» ДЕГЕН НҮСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢИЗ** **НЕМЕСЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАҒИДАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК ӘДЕПТІ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСЫҢИЗ.**

Q Мен өнім берушіден сыйлық ретінде аты-жөнімнің дербес нақыштамасы бар iPad алдым. Мұндай сыйлықты қабылдамауға тиіс екенімді білемін, бірақ оларды ренжіткім келмейді және нақыштамасы жасалғандықтан, осындай сыйлықты өзіме қалдыра аламын ба?

➤ Жоқ, сыйлықты өнім берушіге сыпайы түрде қайтарып беріңіз және Alstom компаниясының тиісті саясатының ережелерін түсіндіріңіз. Егер сізге көмек қажет болса, сіз осы мәселені шешуде көмек алу үшін Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімге немесе Заң бөліміне хабарласа аласыз.

Q Ірі жоба аяқталған кезде тапсырыс берушіге сыйлық беру әдетті қалыптасқан, әдетте, бұл Alstom пойызының моделі. Алайда, пойыздардың модельдері айтарлықтай құндылыққа ие, біз осыны үнемі жасайтындықтан, биыл бекіту рәсімінен қайтадан өту қажет пе?

➤ Иә, тіпті алдын ала бекітілген жағдайда да, Сізге қажетті бекіту рәсімінен қайтадан өту керек. Alstom компаниясында сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін қарау мен бекітудің қатаң рәсімі көзделген. Сізге консультация алу үшін Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімге хабарласқан жөн.

Q Alstom-ның клиенттеріне өзін қатыса алмайтын мәдени іс-шараға шақыруды ұсына аламын ба?

➤ Осындай түрдегі қонақжайлылық үшін Alstom қызметкерлерінің бірі осы іс-шарада болып, оның шеңберінде клиентпен заңды іскерлік қарым-қатынас жүргізу мүмкіндігіне ие болуға тиіс. Сонымен қатар, ойын-сауық ақылға қонымды болуға және Alstom-ның сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері жөніндегі нұсқаулығында көрсетілген ақшалай баламадағы қолайлы шекті мәндерден аспауға тиіс.

ІШКІ БАҚЫЛАУ



Қор биржасында тіркелген компания ретінде Alstom бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілікке қатысты барлық мәселелер бойынша анық әрі дәлме-дәл ақпарат беруге тиіс. Кез келген бұзушылықтар Компания үшін, сондай-ақ жауапты адамдар үшін елеулі салдарға алып келуі мүмкін.

Alstom компаниясында есепке алу кітаптары мен есепке алу жазбаларының анықтығын қамтамасыз ету үшін ішкі бақылау жүйесі көзделген. Компанияда есепке алу жазбаларының, қаржылық есептіліктің дәлдігі мен анықтығын қамтамасыз етудің және Alstom-ның ішкі қағидалары мен рәсімдерін, қолданылатын заңдарды, нормативтік-құқықтық актілер мен талаптарды сақтаудың тәптіш-телген процестері енгізілген. Компания тиісті есепке алу мен қаржылық есептілікті жүргізу үшін Alstom-ның Есептілік және бухгалтерлік есепке алу жөніндегі басшылығын қатаң түрде сақтайды.

Алаяқтық жағдайларын болғызбау және анықтау Alstom компаниясының қызметті іскерлік әдеп пен құқықтық нормалар шеңберінде жүргізу жөніндегі міндеттемелерінің негіз қалаушы бөлігі болып табылады. Алаяқтық – бұл заңсыз кіріс алу мақсатында алдауға, ұрлауға немесе жаңылыстыруға арналған әрекет. Алаяқтық өзгелерден бөлек, мыналарды: шығыстар туралы анық емес есептер ұсынуды, чектерді қолдан жасауды немесе өзгертуді, Компанияның мүлкін заңсыз иемденуді немесе тиісінше пайдаланбауды, мәмілелерді немесе ақша сомаларының төлемдерін санкциясыз жүргізуді, шағын сомаларды құқыққа сыйымсыз пайдалануды, бухгалтерлік кітаптарға Alstom компаниясының бухгалтерлік есепке алу және есептілік стандарттарына сәйкес келмейтін жазбалар енгізуді қамтиды.

Alstom-ның қызметкерлері барлық деңгейлерде өздері жасайтын кез келген жазбалардың, есептердің немесе мәліметтердің дәл, анық, толыққанды әрі уақтылы болуын қадағалауға тиіс. Мұндай құжаттарға өзгелерден бөлек, мемлекеттік немесе қадағалау органдарына ұсынылатын құжаттарды қоса алғанда, қаржылық есептер мен болжамдар, зерттеу туралы есептер, маркетингтік ақпарат, сату туралы есептер, салықтық есептілік, шығыстар бойынша есептер, пайда бойынша есептер, жұмыс уақытын есепке алу табельдері, әлеуметтік ақпарат, қоршаған орта туралы ақпарат және басқа да құжаттар жатады. Alstom-ның қызметкерлері бүкіл құжаттаманы Alstom-ның құжаттаманы сақтау туралы саясатына және деректердің құпиялылығы қағидаларына сәйкес жүргізуге, сақтауға, архивтеуге тиіс. Азаматтық, қылмыстық немесе реттеуші процеске қатысы болуы мүмкін құжаттарды жоюға тыйым салынады.



АНАГҮРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУҒЫН ALSTOM-НЫҢ SEC-PRO-002 «ЖЫМҚЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ»; LGL-PRO-002 «АЛАЯҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ» ЖӘНЕ HRM-POL-007 «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САПАРЛАР МЕН ШЫҒЫСТАР ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТ» ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҚТАРЫН ҚАРАҢЫЗ. СУРАҚТАР БОЙЫНША ІШКІ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІНІҢ НЕМЕСЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ХАБАРЛАСҢЫЗ.

Q Мен бөлімде бюджетті қадағалау үшін жауап беремін. Жақында маған әріптесім хабарласып, жобада қаражаттың артық жұмсалып жатқаны байқалатынын және ол бюджет қалпына келтірілгеннен кейін кейбір шығыстарды келесі қаржы жылына ауыстырғысы келетінін атап өтті. Сайып келгенде, шығындарды есепке алу жүргізіледі, сондықтан, шығындарды келесі қаржы жылына жай ғана ауыстыра салуға бола ма?

Жоқ. Шығындарды игеру мерзімдерін бұрмалауға тыйым салынады. Шығыстар бойынша бухгалтерлік жазбалар әрдайым уақтылы әрі дәлме-дәл және олар іс жүзінде болған қаржы жылында жүргізілуге тиіс. Есепке алудағы анық еместік немесе қате мәліметтер Компания немесе жекелеген қызметкер үшін елеулі салдарға алып келуі мүмкін.

Q Бірнеше ай бұрын мен іссапарда болдым және сапар барысында шеккен барлық шығыстарды ұсынуды ұмытып кеттім. Мен басқа сапар үшін шығыстар туралы есеп бергілі жатырмын және соңғы есепте өткізіп алған шығыстарды есепке алуда көрсету мақсатында шығыстардың бірнеше жаңа бабын жай ғана ұлғайта сала аламын деп ойладым. Бұл болмашы болып көрінеді, өйткені, жалпы өтемақы сомасы ұқсас болады. Шеккен шығыстарды осылайша ұсына аламын ба?

Жоқ. Шығыстар туралы есепті берген кезде Сіз шығыстардың барлық баптарын дәлме-дәл әрі анық көрсетуге тиіссіз. Шығыстар туралы бұрмаланған есепті ұсыну алаяқтық болып табылады және есепке алу жазбаларының анық және дәл болмауына алып келеді, бұл қызметкер үшін де, Компания үшін де қылмыстық жазаға алып келуі мүмкін.

ІСКЕРЛІК ӘРІПТЕСТЕРІМІЗБЕН СЕНІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ



ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕР




Alstom компаниясы тапсырыс берушілерге олардың талаптарына сәйкес келетін жоғары сапалы өнім мен көрсетілетін қызметтерді ұсынуға міндеттенеді. Өз саласында көшбасшы болу үшін Компания тиімділік, өсу, инновациялар мен орнықтылық бағытын ұстанады.

Келісімшарттар немесе жобалар бойынша келіссөздер жүргізетін қызметкерлер тапсырыс берушілерге барлық мәлімдемелердің, хабарлар мен таныстырылымдардың дәлме-дәл әрі анық болуын қамтамасыз етуге тиіс. Alstom-ның қызметкерлері тапсырыс беруші туралы құпия, жасырын немесе қызметтік ақпаратты жария етпеуге тиіс. Мұндай деректер осы ақпарат заңды негізде қажет адамдарға не қазірдің өзінде осы ақпаратты иеленетін адамдарға ғана жария етілуі мүмкін.



ӨНІМ БЕРУШІЛЕР ЖӘНЕ МЕРДІГЕРЛЕР



Alstom өнім берушілер, мердігерлер және консультанттар сияқты үшінші тараптармен қарым-қатынастарды терең бағалайды. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу пайдалану сипаттамалары, баға, сапа, техникалық параметрлер, жеткізу, орнықтылық және жарамдылық сияқты бейтарап әрі объективті өлшемшарттарға негізделеді.

Бұл қатынастар сатып алу және жеткізілімдер тізбегі бөлімінің рәсімдерімен реттеледі, олар барлық өнім берушілер мен мердігерлерге тең қарым-қатынасты қамтамасыз етуге арналған. Мүдделер қақтығысының туындауын және кез келген сыңаржақтылық көріністерін болғызбау үшін барлық шаралар қабылданды.

Alstom-ның қызметкерлеріне белгілі бір өнім берушілер мен мердігерлер үшін тиімді шешім қабылдау орнына кез келген бағалы сыйақылар алуға тыйым салынады. Шешім қабылдау процесінің беделін түсірудің туындауын болғызбау үшін үшінші тұлғалармен қарым-қатынастар мұқият басқаруға жатады.

Alstom өзінің өнім берушілері мен мердігерлерінен Орнықты даму және іскерлік әдепті сақтау хартиясына қол қоюды әрі олардың ұзақтығы мен іскерлік ортасына қатысты қолданылатын барлық нормативтік талаптарды қатаң сақтауды талап етеді.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ALSTOM-НЫҢ LGL-WMS-016 «ӨНІМ БЕРУШІЛЕРМЕН ЖӘНЕ МЕРДІГЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛҒЫЗБАУ»; SCG-WMS-011 «ОРНЫҚТЫ ДАМУ ПРОЦЕСІ; SCG-FRM-002 «ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ӘДЕПТІ САҚТАУ ХАРТИЯСЫ»; LGL-WMS-014 «КОНСАЛТИНГТІК КОМПАНИЯЛАР» ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҚТАРЫН ҚАРАҒЫЗ НЕМЕСЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАҒИДАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК ӘДЕПТІ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСЫҒЫЗ.

Q Компьютерлік техниканы жеткізу бойынша жаңа компанияларды қарап жатырмыз. Ұсынысты сұратуымызға жауап берген өнім берушілердің бірі жақсы өнімді, бірақ басқаларына қарағанда жоғары бағамен ұсынады. Басқа өнім берушінің сапасы мен көрсетілетін қызметтері алдыңғысына қарағанда нашар, бірақ әлдеқайда арзан. Көрсетілген бағаның төмендеуіне ықпал ету мақсатында бірінші өнім берушіге екінші компанияның қандай баға көрсеткенін хабарлай аламын ба?

Жоқ. Бәсекелестер болып табылатын өнім берушілер арасында құпия ақпарат алмасу әдепке жатпайды және көптеген елдерде мұндай алмасу заңнаманы бұзу болып табылады. Дегенмен, Сіз бағаны ашпай немесе екінші өнім берушінің деректерін ұсынбай бірінші өнім берушіге басқа жерде анағұрлым төмен бағаны тапқаныңызды айта аласыз.

Q Біз тапсырыс берушінің ұсынымы бойынша өнім берушіні тартқымыз келеді. Біздің мәліметіміз бойынша, бұл өнім беруші жақсы беделге ие және көптеген жылдар бойы біздің тапсырыс берушімізбен ойдағыдай ынтымақтастық жасады. Уақытты үнемдеу және тапсырыс берушіні қанағаттандыру мақсатында біз өзіміздің әдеттегі өнім берушіні таңдау процесімізді айналып өткіміз келеді. Тапсырыс беруші бұл компанияны білетіндіктен және оған сенетіндіктен, оны қағидаларда көзделген рәсімдерден өтпестен тартуға бола ма?

Жоқ, біз Alstom-ның барлық өнім берушілерді тексеру және іріктеу жөніндегі міндетті рәсімінен өтпейінше оны тарта алмаймыз.

САУДА ӘРІПТЕСТЕРІ



Кейде Alstom компаниясы бизнесті дамыту, сату немесе маркетинг жөніндегі шараларға жәрдемдесу мақсатында үшінші тұлғаларды тартады. Компанияда мұндай үшінші тұлғалар «Сауда әріптестері» деп аталады. Осындай іскерлік әріптестер орындайтын жұмыс Alstom-ның әлеуетті немесе қолда бар клиенттерімен немесе кез келген мемлекеттік органдармен немесе жеке-меншік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды қамтуы мүмкін.

Компанияда келісімшартты іріктеудің, бектудің, жасасудың, сауда әріптестерінің сыйақыларын басқару мен төлеудің мұқият әрі қатаң рәсімі көзделген. Alstom-ның талаптарына сәйкес барлық сауда

әріптестері компанияның саясаттарын және өздерінің қызметіне қолданылатын барлық қолданыстағы заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерді сақтауға тиіс. Егер сауда әріптесі заңды немесе Alstom-ның кез келген саясатын бұзады деген болжалыңыз болса, Сіз өзіңіздің күдігіңіз туралы Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімге хабарлауға тиіссіз.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН LGL-WMS-020 «САУДА ӘРІПТЕСТЕРІ» ДЕГЕНДІ ҚАРАҢЫЗ НЕМЕСЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАҒИДАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК ӘДЕПТІ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН.

Мемлекеттік сатып алу мемлекеттік кәсіпорындар мен бюджеттік құрылымдардың тауарларды, көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарды сатып алуын білдіреді. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен келісімшарттар, көбінесе, қатаң әрі кешенді стандарттарға сәйкес келуді талап етеді. Alstom тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып аруды реттейтін заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерді сақтайды.

Alstom наразылықтың кез келген нысандарына және мемлекеттік қызметшілерге құқыққа сыйымсыз ықпал етуге бағытталған кез келген заңсыз немесе әдепке жатпайтын әрекеттерге немесе әрекеттерге қатаң тыйым салады. Компания сыйақыларға қарсы барлық заңдарды сақтайды және адалдық пен анықтық және мемлекеттік келісімшарттарды алған жағдайда, оларды барлық шарттық және құқықтық міндеттемелерге сәйкес орындау қағидат-

тарын ұстанады. Құпия немесе шектеулі мемлекеттік ақпаратқа қол жеткізу жағдайында, әсіресе, қызметкерлердің осындай ақпаратқа қатысты қолданылатын қауіпсіздік рәсімдерін қатаң сақтауы ерекше маңызды.

Бұл қағидалар кешенді сипатқа ие болғандықтан және елге қарай ерекшеленетіндіктен, қажет болған кезде қызметкерлер нақтылау үшін Заң бөліміне консультация алу үшін хабарласқан жөн.

Q Жаңа нарықта ірі келісімшарт жасасу үшін маңызды болуы мүмкін сауда әріптесін тағайындау үшін менде мерзім өте шектеулі. Жұмысты бастау үшін осы әріптесті ауызша бекітіп, кейінірек қажетті құжаттаманы ресімдеу мен тексерулерді жүргізе аламын ба?

Жоқ, Заңды тексеруді, ішкі бекіту рәсімін алдын ала жүргізу және стандартты жазбаша келісімге қол қою талап етіледі. Тәжірибелі және сенімді консультанттар жұмыс ресми асталғанға дейін жоғарыда көрсетілген рәсімдерді орындау қажеттілігі туралы біледі.

Q Қазіргі уақытта компания өз қызметін жүргізбейтін елде жобаны іске асыру мүмкіндігін қарап жатырмыз. Әлеуетті мүмкіндіктер мен жергілікті сатып алу процесі туралы қосымша ақпарат алуға жәрдемдесу мақсатында сауда әріптесін тартқымыз келеді. Сауда әріптесі кейіннен келісімшартқа түпкілікті қол қойылғаннан кейін бонус есебінен өтемақы төлене отырып, бастапқыда азғана төлемақыға жұмыс істеуге дайын. Ақы төлеу бойынша осындай уағдаластық түріне жол беріле ме?

Жоқ, Alstom-ның саясатына сәйкес сәтті нәтиже үшін сыйақы немесе комиссия есебінен сауда әріптесіне өтемақы төлеуге тыйым салынады. Ақы төлеу бойынша осындай уағдаластықтар түрлері бизнес жүргізуді қамтамасыз ету немесе заңсыз артықшылық алу үшін пара беру тәсілі ретінде пайдаланылуы мүмкін.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ



ALSTOM ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ КОМПАНИЯ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ



Alstom стратегиясының негізінде жауапкершілікті өзіне қабылдау және өз қызметкерлеріне, тапсырыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға қатысты корпоративтік әдепті сақтау жатыр. Компания өзінің бизнес пен іскерлік операцияларды жүргізу стратегиясында экологиялық және әлеуметтік нормаларды, адам құқықтары мен тұтынушылардың мүдделерін ескереді. Өздерінің іскерлік мінез-құлқымен Alstom-ның қызметкерлері осы міндеттерді орындауға өз үлесін қосуға тиіс.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



Alstom қоршаған ортаға әсері үшін жауаптылықты толық сезінеді. Компания қоршаған ортаны қорғауға өз үлесін қосады және өзі беретін жүйелер, жабдықтар мен көрсетілетін қызметтер түрінде осы мақсатқа қол жеткізу үшін өзін барлық қажетті құралдармен қамтамасыз етті. Компанияның негізгі қызметі атмосфераға зиянды шығарындылар мен парниктік әсерге едәуір азайтуға және тапшы табиғи ресурстарды пайдалануды шектеуге мүмкіндік беретін технологиялар мен шешімдерді ұсынуға бағытталған. Alstom қызметкерлерге, тапсырыс берушілерге және барлық мүдделі тұлғаларға өз өнімінің қоршаған ортаға әсері туралы ақпаратты ұсынады.

Компания өндіру, орнату және қызмет көрсету процестерін зиянды заттарды алып тастауды, оларды қайта өңдеу мүмкіндігін көздейтін материалдарды таңдауды және энергияның ең аз мөлшерін тұтынуды ескере отырып әзірлейді. Қоршаған

ортаға әсер ету мәселелері шешім қабылдау кезінде маңызды рөл атқарады және барлық ішкі қағидаларға, тиісті заңдарға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес реттеледі.

Alstom-ның барлық қызметкерлері өздерінің күнделікті қызметінде компанияның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндеттемелерін сақтау үшін жауапты болады.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ALS-POL-001 «КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҰТЫМДЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТ» ЖӘНЕ ALS-POL-003 «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ» ДЕГЕНДЕРДІ ҚАРАҢЫЗ.



Біз үлкен ұйым бола отырып, қоршаған ортаға тигізетін әсерге жекелеген қызметкер ретінде елеулі үлес қоса аламын ба?

Иә, қоса аласыз. Барлық лауазымдық функцияларға күнделікті қызметте шешімдер қабылдау процесінде экологиялық аспектілерді есепке алуды қамтамасыз ету үшін жауаптылық кіреді. Бірге біз жағдайды өзгерте аламыз. Мысалы, жарықты өшіру, өзімізге шын мәнінде қажет нәрселерді ғана басып шығару, қағазды қайтадан пайдалану және іссапарларға бармауға тырысу немесе олардың санын азайту сияқты бірнеше қарапайым нәрсені істей аламыз. Осының бәрі қоршаған ортамыздың жай-күйіне оң әсер етуі мүмкін.

ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАҢУ МЫСАЛЫ

ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР



Alstom Компания өз қызметін жүзеге асыратын елдің қауымдастықтары алдында. Жауапты болады. Alstom өз қызметкерлерінің жергілікті қоғамдастықтардың өміріне араласуы мен ерікті түрде белсенді қатысуын құптайды. Бұл ретте қызметкерлердің жергілікті қоғамдастық өміріне кез келген қатысуы қандай да бір іс жүзіндегі немесе болжалды мүдделер қақтығысын болғызбау үшін олардың бос уақытында және олардың атынан орындалады.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ALS-POL-001, «КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҰТЫМДЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТ» ДЕГЕНДІ ҚАРАҢЫЗ НЕМЕСЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАҒИДАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК ӘДЕПТІ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ НЕМЕСЕ ЗАҢ БӨЛІМІНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

САЯСИ ЖАРНАЛАР МЕН ҚЫЗМЕТ



Alstom саяси жағдайды және компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін өзгерістерді үнемі қадағалап отырады, бірақ бұл ретте компанияның атынан қандай да бір саясат жарналарды енгізуге тыйым салады. Саясат жарналар – бұл саяси партияның, ұйымның, саясаттың немесе қандай да бір мемлекеттік лауазымға үміткер кандидатураның пайдасына төленетін кез келген төлемдер. Мұндай төлемдерге тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, сыйлықтарды, несиелерді, саяси митингіні немесе іс-шараны қаржыландыруды, жарнамалық науқанды немесе саяси қайраткерге, саяси партияға немесе ұйымға берілген кез келген бағалы затты қоса алғанда, құнды сипат тән болуы мүмкін, мысалы, компанияның қызметтік үй-жайларын пайдалану, компьютерлік техника немесе кеңсе керек-жарақтары.

Компания саяси партиялардың, саясаткерлердің немесе саяси ұйымдардың пайдасына қандай да бір жарналар жасамайды. Alstom қызметкерлердің жеке негізде саяси процеске қатысу құқықтарын құрметтейді, алайда, мұндай әрекеттердің бәрін қызметкерлер жеке тәртіппен, өз атынан, жұмыстан

бос уақытта, өзінің жеке есебінен орындауға тиіс және мұндай әрекеттердің Alstom компаниясының атынан жүзеге асырылмайтыны нақты айқындалуға тиіс. Кез келген жергілікті саяси қызмет қолданылатын заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Бұл қағидалар кешенді сипатқа ие болғандықтан және елге қарай ерекшеленетіндіктен, қажет болған кезде қызметкерлер нақтылау үшін Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімге немесе Заң бөліміне консультация алу үшін хабарласқан жөн.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ALSTOM-НЫҢ LGL-WMS- 011, «САЯСИ ЖАРНАЛАР» ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢЫЗ.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАЙЫРМАЛДЫҚТАР



Alstom компания резиденті болып табылатын және ол өз қызметін жүзеге асыратын ел қоғамдастықтарының пайдасына қайырымдылыққа өз үлесін қосады. Қайырымдылық қайырымалдықтар мақсатқа сәйкес болуға тиіс және іс жүзіндегі немесе болжалды мүдделер қақтығысын туғызбауға немесе құқыққа сыйымсыз артықшылық жасауға бағытталмауға тиіс. Барлық қайырымдылық қайырымалдықтар Alstom-ның саясатына сәйкес алдын ала жазбаша түрде бекітілуге және тиісті түрде құжаттандырылуға тиіс.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ALSTOM-НЫҢ LGL-WMS-012 «ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАЙЫРМАЛДЫҚТАР» ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢЫЗ НЕМЕСЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАҒИДАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК ӘДЕПТІ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

ДЕМЕУШІЛІК



Alstom компанияның бизнес-стратегиясы мен құндылықтарына сәйкес келетін қызметке демеушілік жасайды. Қолданылатын заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер сақталады деген шартпен демеушілікке рұқсат етіледі. Жаңа коммерциялық мәмілелерді алу немесе қолданыстағы бизнесті сақтап қалу мақсатында демеушілікке тыйым салынады. Alstom-ды кез келген демеушілік бағдарламасына тарту туралы шешімдер Жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлім тарапынан алдын ала мақұлдауды алуға және Alstom-ның саясатына сәйкес тиісті түрде құжаттандырылуға тиіс.




АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ALSTOM-НЫҢ LGL-WMS-013 «ДЕМЕУШІЛІК» ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢЫЗ НЕМЕСЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАҒИДАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК ӘДЕПТІ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

Q Alstom-ның саяси жарналар жасамайтынын және саяси қызметке қатыспайтынын түсінемін, бірақ мен осындай іс-шараларға жеке негізде қатыса аламын ба?

■ Иә, біздің бәріміздің жеке тұлғалар ретінде қатысу құқығымыз бар, алайда, Сіз Alstom компаниясының ресурстарын немесе жабдықтарын пайдаланбай осындай әрекеттердің жұмыстан бос уақытта орындалуын қамтамасыз етуге міндеттісіз. Бұл ретте Сіз Alstom компаниясының емес, Өзіңіздің жеке көзқарастарыңыз бен әрекеттеріңіз екенін нақты айқындауға тиіссіз.

— ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ МЫСАЛЫ —

ҚҰРМЕТ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІЛІК



Alstom-ның саясаты бүкіл әлемге жария етілген адам құқықтарын қолдауды білдіреді және компанияда жеке тұлғаға әділ қарау мен оны құрметтеуді алға жылжытуға ықпал етеді.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚҰРМЕТТЕУ



Alstom адам құқықтарын қорғау туралы заңдарды және әділ еңбек жағдайларын ерекше мұқияттылықпен сақтайды. Alstom-ның саясаты Біріккен Ұлттар Ұйымының бизнесті жүргізу және адам құқықтары саласындағы Басшылық қағидаттарын сақтауды, сондай-ақ ол қызметін жүзеге асыратын барлық елдерде бүкіл әлемде анылған адам құқықтарын құрметтеуді көздейді. Alstom заңсыз немесе мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын, атап айтқанда,

балалар еңбегін жоюды жақтайды. Alstom өзінің өнім берушілері мен қосалқы мердігерлеріне заңсыз немесе мәжбүрлі еңбекті пайдалануға қатаң тыйым салады.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ALSTOM-НЫҢ SCG-POL-001 «ПЕРСОНАЛДЫ ІРІКТЕУДІҢ ОРНЫҚТЫ САЯСАТЫ» ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢЫЗ.

Q Жұырда өнім берушілеріміздің бірі балалар еңбегін пайдаланды деп айыпталуына байланысты басты назарда болғанын білдім. Alstom үшін бөгде ұйымның мінез-құлқы қаншалықты маңызды немесе оны жай ғана елемеуіме бола ма?

Alstom еңбек қатынастарын реттейтін барлық заңдарды сақтауға шынайы берілген және біздің өнім берушілеріміз бен мердігерлеріміздің кез келген заңсыз немесе мәжбүрлі жұмыс әдістеріне қатаң тыйым салынады. Тіпті егер бұл іс айыптау ғана болып табылса да, Сіз осы нақты өнім берушінің бизнесті жүргізу практикасы туралы қосымша ақпарат жинау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында бұл туралы Заң бөліміне/Корпоративтік қағидалар мен іскерлік әдепті сақтау жөніндегі бөлімге хабарлауға тиіссіз.

— ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАNU МЫСАЛЫ —

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР



Alstom өз қызметкерлерінің кәсіподақтар мен жұмыс ұйымдарына кіру құқығын, сондай-ақ ұжымдық келіссөздерді құру, оларға түсу және қатысу құқығын құрметтейді. Alstom әлеуметтік әріптестердің рөлі мен міндеттемелеріне құрметпен қарайды әрі ортақ қызығушылық туғызатын мәселелерді шешу үшін олармен байланысты қолдауға және келіссөздерді ашық жүргізуге, сондай-ақ олардың өз миссиясын жүзеге асыруы үшін қаражат беруге және оларға өз міндеттерін орындауға кедергі келтірмеуге міндеттенеді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МАНСАПТЫҚ ӨСУІН БАСҚАРУ



Alstom әрбір қызметкердің дамуына белсенді жәрдем көрсетеді. Кадрларды басқарудың жыл сайынғы цикл міндеттерді айқындау және жетістіктерді бағалау үшін ғана емес, сондай-ақ қызметкерлердің мансаптық өсу ұмтылысы мен дамуға деген қажеттіліктерді іске асыру үшін де қызметкерлер мен басшылар арасындағы бетпе-бет кездесулерді қамтиды. Alstom қызметкерлерді компания ішінде барлық деңгейлерде алға жылжытуды қолдайды.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ПЕРСОНАЛМЕН ЖҮМЫС ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСҢЫЗ.

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР, ИНКЛЮЗИВТІЛІК ЖӘНЕ КЕМСІТУШІЛІКТІҢ БОЛМАУЫ



Alstom барлық білікті қызметкерлер мен ізденушілерге олардың әрқайсысы үшін өз үлесін қосу және жетістікке жету мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында тең жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін ұсынады. Қоғамның әртүрлі топтарынан шыққан адамдарды жұмысқа қабылдау, оқыту және жеке басын дамыту компанияның маңызды активі болып табылады. Alstom компания жұмыс істейтін нарық пен қауымдастықтардың өзіндік ерекшеліктеріне бейімделген командаларды құра отырып, осы айырмашылықтарды түсінеді және бағалайды.

Alstom-ның мәдени айырмашылықтар мен инклюзивтілік бойынша жарғысы
Alstom-ның барлық қызметкерлеріне сан алуан жұмыс күші мен инклюзивті жұмыс орнын бағалау, көтермелеу, қолдау және енгізу үшін жалпы негізді қамтамасыз етеді. Сан алуан және инклюзивті жұмыс күші сенімді әрі сәтті қызметті жүргізуге арналған тетік болып табылады деп есептейміз. Жұмысқа қабылдауды, тиімділікті бағалауды, қызмет бабында жоғарылатуды, оқытуды, өтемақы мен дамуды қоса алғанда, жұмысқа орналастыру туралы барлық шешімдер тек қана объективті факторлардың, оның ішінде

сіңірген еңбегі, біліктілігі, жұмыс нәтижелері және басқа да іскерлік пайымдардың негізінде қабылданатын болады.

Alstom жасы, нәсілдік тиесілілігі, жынысы, этникалық шығу тегі, ұлты, діни сенімі, денсаулығы, мүгедектігі, отбасы жағдайы, сексуалдық қалауы, саяси немесе философиялық көзқарастары, кәсіподақтағы мүшелігі және қолданылатын заңнамада көрсетілген кез келген басқа да белгілер негізіндегі кез келген кемсітушілікке тыйым салады.

Alstom ешқандай қудалау нысандарына төзбейді. Барлық қызметкерлер әріптестерімен кәсіби және жеке қарым-қатынаста саналылық танытуға міндетті. Егер сіз қандай да бір қудалау немесе кемсіту нысанының күәсі немесе құрбаны болсаңыз, сіз бұл туралы өзіңіздің тікелей басшыңызға немесе Персоналмен жұмыс жөніндегі бөлімге хабарлай аласыз. Адал ниетін негізге ала отырып, осындай жағдай туралы хабарлаған қызметкерлерге ешқандай жаза қолданылмайды.



**АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ
ҮШІН HRM-STD-102 «ALSTOM-НЫҢ МӘДЕНИ
АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР МЕН ИНКЛЮЗИВТІЛІК
ЖӨНІНДЕГІ ХАРТИЯСЫ» ДЕГЕНДІ ҚАРАҢЫЗ
НЕМЕСЕ ПЕРСОНАЛМЕН ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ
БӨЛІМГЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ
ҮШІН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.**

Q Қазіргі уақытта менің бөлімім жаңа команда мүшелерін жинап жатыр. Кейбір кандидаттар хабарландыруда санама-ланған жұмысқа қойылатын талаптарға байланысты емес себептер бойынша шығарылды деп естідім. Осы мәселені көтеріп, кандидатураны таңдау кезіндегі шешімдер неге негізделгенін сұрай аламын ба?

Иә, сіз осындай мәселені көтере аласыз және көтеруге тиіссіз. Сіз персоналды жалдау жөніндегі басшымен сөйлесіп, бұл туралы айтып өте аласыз немесе Персоналмен жұмыс жөніндегі бөлімнің қызметкерімен тікелей сөйлесе аласыз. Қауіпсіздіктің, мүдделер қақтығысының кейбір проблемаларының немесе белгілі бір кандидаттар қабылданбайтын құқықтық негіздердің болуы мүмкін екенін есте сақтаңыз. Әділ жалдау практикасы мен Alstom-ның инклюзивті жұмыс ортасын қолдау компанияның маңызды мақсаты болып табылады және біз бәріміз оған өз үлесімізді қоса аламыз.

Q Біздің бөлімімізде бір басшы сабырлық сақтамайды және кейде қызметкерлерге қатысты дөрекілік танытады. Бұл туралы хабарлауға тиіс-тиіс емес екеніме сенімді емеспін. Компания осындай мінез-құлыққа қатысты шаралар қабылдай ма немесе осы фактіге көз жұмады ма?

Иә, сіз бұл туралы Персоналмен жұмыс жөніндегі бөлімге хабарлауға тиіссіз. Барлық қызметкерлер кәсіби әрекет етуге және бір-біріне адамгершілікпен әрі құрметпен қарауға міндетті.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ



Alstom компаниясының басты басымдықтары өз қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау аспектілері болып табылады. Alstom компаниясы өзінің қызметкерлері үшін қауіпсіз және саламатты жұмыс ортасын құру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдайды әрі бірдей жоғары стандарттарды қамтамасыз етеді. Компания өзінің барлық объектілерінде денсаулық сақтау және қауіпсіздік мәселелеріне байланысты тәуекелдерді жоюға, сондай-ақ жазатайым оқиғалар санын нөлге дейін қысқартуға бағытталған шараларды қабылдауға ерекше көңіл бөледі. Бұл шараларға басшылық персонал мен қызметкерлерді қарқынды дайындау және осы стандарттардан ауытқуға қатысты «мүлдем төлеушілік» саясатының ережелерін қолдану ілесіп жүреді.



АНАҒҰРЛЫМ ЕҒЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУҒА АЛСТОМ-НЫҢ MNS-POL-003 «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ» ЖӘНЕ ALS-POL-003 ALSTOM-НЫҢ ЕҢБЕКТІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТИВАЛАРЫ ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҚТАРЫН, СОНДАЙ-АҚ «МҮЛДЕМ ТӨЗБЕУШІЛІК» САЯСАТЫН ҚАРАҒЫЗ НЕМЕСЕ ЕҢБЕКТІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК БӨЛІМІНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУҒА ҮШІН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

Q Таяуда біздің қызметкерлеріміздің бірімен объектіде өндірістегі жазатайым оқиға орын алды. Оқиға елеулі сипатта болған жоқ, сондықтан, әріптестеріміздің кейбіреулері жазатайым оқиғаларды нөлге дейін азайту саясатына теріс әсер етпеу үшін оған оқиға туралы хабарламауға кеңес берді. Ол дұрыс істеді ме?

Ж Жоқ, өндірістегі барлық жазатайым оқиғалар туралы басшылыққа дереу хабарлау қажет. Біріншіден, қызметкердің тиісті медициналық көмек алуы маңызды, ал екіншіден, басшылық алдағы уақытта барлық тиісті қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету үшін хабардар болуға тиіс.

— ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ МЫСАЛЫ —

ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫ



Alstom дербес деректерді тиісті түрде әрі компанияның барлық нұсқаулықтарына және деректерді қорғау туралы қолданылатын заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өңдеуді қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қолданады. Alstom қолданылатын заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жеке ақпаратты хабарламайды.

Жұмысты орындау барысында қызметкерлердің басқа адамдардың жеке ақпаратына қолжетімділігі болуы мүмкін. Дербес деректерге өздерінің функциялары мен лауазымдық міндеттерінің сипаты мен көлеміне байланысты Alstom-ның атынан осындай деректермен жұмыс істеуге заңды негіздері бар қызметкерлердің ғана қолжетімділігі болуға тиіс. Әрбір қызметкер дербес ақпаратты дұрыс қолданбаудан, құқыққа қарсы пайдаланудан немесе жария етуден қорғау бойынша шаралар қабылдағаны үшін жауапты болады.

Q Өнім берушімен топтық қоңырау кезінде әріптесім ақпаратты егжей-тегжейіне дейін сақтау және қолмен көптеген жазбаларды жасаудың қажет болмауы мақсатында сөйлесуді телефонына жазып алды. Телефон арқылы сөйлесудің жазылғаны туралы ешкімге хабарлаған жоқпыз. Дұрыс істедік пе?

❌ Жоқ. Телефон сөйлесулерін немесе кездесулерді жазуға тыйым салынады, өйткені, бұл факт деректердің құпиялылығы туралы ережелерді бұзу болып табылуы мүмкін.

Q Менің әпкем жеке бизнесін бастап жатыр және таратып жіберу тізімін құрастыру үшін оған әріптестерімнің байланыс деректерін беруді сұрады. Олар әпкем ұсынып отырған тауарды ұнатуы мүмкін деп ойлаймын. Оған олардың аттары мен пошта мекенжайларын бере аламын ба?

❌ Жоқ. Сіз мұндай ақпаратты бере алмайсыз. Сіздің әпкеңіз өзінің клиенттік базасын жасаудың басқа тәсілін табуға тиіс. Қызметкерлердің аттары мен электрондық пошта-сының мекенжайлары дербес деректер болып табылады және Alstom компаниясының құқыққа сыйымды іскерлік мақсаттарында ғана өңделуі мүмкін.

— ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ МЫСАЛЫ —

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ




Alstom өз қызметкерлері үшін қауіпсіз және сенімді жұмыс ортасын қамтамасыз ету бойынша барынша күш-жігер жұмсайды. Компания өзі қызметін жүзеге асыратын барлық объектілерде өндірістегі қауіпсіздік бөлігінде қолданылатын заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерді сақтайды. Alstom персоналға ықтимал тәуекелдер туралы ақпарат беретін және орындау үшін, атап айтқанда, өндірістік ахуал жағдайында орындау үшін рәсімдерді айқындайтын нұсқаулықтарды үнемі жариялап отырады. Барлық қызметкерлер қолданыстағы нұсқаулықтардан хабардар болуға және қауіпсіздік техникасының кез келген болжамды бұзушылықтары туралы басшылыққа жедел түрде хабарлауға тиіс.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ALSTOM-НЫҢ SEC-PRO-001 «ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ҰЙЫМ» ЖӘНЕ SEC-WMS-003 «ЖАҒДАЙЫ ТЫНЫШСЫЗ ЕЛГЕ САПАРЛАР НЕМЕСЕ ОНДА БОЛУ» ДЕГЕН НҮСҚАУЛЫҚТАРЫН ҚАРАҢЫЗ.

КОМПАНИЯНЫҢ МҮЛКІН ҚОРҒАУ



Alstom-ның барлық қызметкерлері Компанияның мүлкі мен активтерінің сақталуы үшін жауапты болады. Компанияның ақша қаражаты, тауар-материалдық құндылықтар, патенттелген өнертабыстар, зияткерлік меншік немесе компьютерлік және телефон желілері сияқты материалдық объектілер ғана емес, сондай-ақ қызметкерлер Alstom-да жұмыс істеу процесінде жасайтын немесе қолжетімділігі болатын идеялар, тұжырымдамалар немесе ноу-хау сияқты материалдық емес объектілер де Alstom-ның мүлкі болып табылады.

Сонымен қатар, мүлікке тапсырыс берушілер мен өнім берушілердің тізімі және нарық туралы басқа да деректер жатады.

Alstom-ның ақша қаражаты мен мүлкі заңсыз немесе Компанияның қызметіне байланысты емес мақсаттарда пайдаланылмауға тиіс. Қызметкерлер Alstom-ның мүлкін жеке басының пайдасы үшін немесе жеке ісі үшін пайдаланбауға, сондай-ақ Компанияның қызметкерлері болып табылмайтын немесе Компанияның рұқсаты жоқ басқа адамдарға оларды пайдалануға рұқсат бермеуге тиіс. Компанияның мүлкін иемдену немесе жымқыру тәртіптік жазаға, азаматтық немесе қылмыстық жауаптылыққа тартуға алып келуі мүмкін заңнаманы бұзу болып табылады.

КОМПАНИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ



Alstom-ның байланыс құралдары – бүкіл есептеу жабдығы, ақпараттық желілер, принтерлер, көшіргіштер, электрондық пошта, дауыс поштасы, Интернет, стационарлық телефондар, мобильді телефондар, смартфондар және басқа да байланыс құралдары – Alstom-ның меншігі болып табылады және кәсіби мақсатта пайдаланылуға тиіс. Alstom-ның ақпараттық жүйелеріне қосылған жеке байланыс құрылғыларына қатысты компания қызметкерлердің жеке құрылғыларында орналасқан кәсіби қызметке қатысты деректердің заңды иесі болып қалады. Alstom-дағы жұмыстан босатылған кезде бүкіл кәсіби ақпарат құрылғыдан өшіріп тасталуға тиіс.

Байланыс құралдарын пайдалану қызметкерлердің жеке және іскерлік өмірі өзара тығыз байланысты екенін және олардың арасындағы ақылға қонымды арақатынас компанияның да, оның қызметкерлерінің де мүдделеріне сай келетіндігін мойындауға негізделген. Сондықтан, байланыс құралдарын жеке мақсаттар үшін шектеулі түрде пайдалануға рұқсат етіледі, алайда, мұндай пайдалану мән-жайларға қарай ақылға қонымдылық пен орындылық ұғымдарымен шектелуге тиіс және қызметкерге өзінің кәсіби міндеттерін орындауға кедергі келтірмеуге тиіс.



ҚҰПИЯ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ



Өз міндеттерін орындау барысында қызметкерлер Alstom коммерциялық қызметіне қатысты құпия және жеке ақпаратқа қолжетімділігі болуы мүмкін. Мұндай ақпарат тапсырыс берушілер, өнім берушілер немесе басқа да іскерлік әріптестер сияқты сыртқы мүдделі тараптарға қатысты деректерді қамтуы мүмкін. Өздерімен шектелмей нәтижелер, болжамдар және өзге де қаржылық деректер, кадрлық деректер және дербес ақпарат, активтерді сатып алу және өткізу уралы, жаңа өнім мен тапсырыстар туралы ақпарат құпия ақпараттың мысалдары болып табылады. Өздерімен шектелмей бизнес-стратегиялар, өнімді жетілдіру, техникалық ақпарат, жүйелер, коммерциялық құпиялар және Alstom әзірлеген немесе сатып алған ноу-хау компанияның жеке меншігін құрайтын ақпараттың мысалдары болып табылады. Анықтамаларға құпияны сақтау туралы және ақпаратты жария етпеу туралы келісімдерде қамтылатын мәселелер кіреді.

Мұндай қол жеткізу құқығына міндеттеріне осындай ақпаратпен жұмыс істеу, оны пайдалану және беру кіретін қызметкерлер ғана ие болуға тиіс. Бүкіл құпия және жеке ақпарат қорғалуға және рұқсат етілген мақсаттарда ғана пайдаланылуға тиіс. Осындай ақпараты жария етпеу жөніндегі міндеттеме компаниядағы жұмысты тоқтатқаннан кейін де сақталады.

Қызметкерлер құпия ақпаратқа немесе ақшалай төлемдерге арналған күдікті сұрау салулар алуы мүмкін. Үлкен сақтық таныту қажет, себебі, хабарлардың бұл түрлері алаяқтық немесе қорқытып алу мақсатында Alstom-ның ақпаратын алудың заңсыз талпыныстарын білдіруі мүмкін. Егер қолыңызда бар құпия ақпаратты жария ете алатыныңызға немесе пайдалана алатыныңызға сенімді болмасаңыз, консультация алу үшін өзіңіздің тікелей басшыңызға хабарласыңыз.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУДЫҢ АЛТЫН ҚАҒИДАЛАРЫН ҚАРАҢЫЗ НЕМЕСЕ КОРПОРАТИВТІК ҚАҒИДАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК ӘДЕПТІ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ НЕМЕСЕ ЗАҢ БӨЛІМІНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСҢЫЗ.

Q Менің лауазымдық міндеттерім жиі сапарларды көздейді әрі маңызды электрондық хаттарды кейде әуежайлар немесе вокзалдар сияқты қоғамдық орындарда қараймын. Қоғамдық орындарда, басқа адамдар менің не істеп жатқанымды көре алатын кезде жұмыс істей аламын ба?

A Сізге өзіңіз ақпараттың құпиялылығын сақтау бойынша шаралар қабылдадыңыз деген шартпен қоғамдық орындарда жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Сіз Alstom-ның құпия және жеке ақпаратына қатысты асқан сақтық дәрежесін танытуға тиіссіз.



ҚҰПИЯ АҚПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ЖАСАЛАТЫН ЗАҢСЫЗ ОПЕРАЦИЯЛАР



Alstom жария компания болып табылатындықтан, ол осындай ақпаратты пайдалану мен жария етуді регламенттейтін бірнеше юрисдикцияның бағалы ағаздар туралы заңдары мен нормативтік-құқықтық актілеріне бағынады.

Әдеттегі жұмыс қызметі барысында қызметкерлердің Alstom-ға тікелей немесе жанама түрде қатысы бар құпия ақпаратқа қолжетімділігі болуы мүмкін, ол мұндай ақпарат жалпыға бірдей қолжетімді болғанға дейін Alstom акцияларының құнына айтарлықтай әсер етуі мүмкін және мұндай ақпарат құпия қызметтік ақпарат болып есептеледі әрі оны Компания жария түрде жария еткен кезге дейін құпия түрде сақталуға тиіс.

Құпия қызметтік ақпаратты тікелей немесе жанама түрде жеке мақсаттарда пайдалануға немесе пайдалану талпынысына немесе оны ресми жарияланғанға дейін үшінші тұлғаға жария етуге Alstom-ның саясатында тыйым салынады және бұл

бағалы қағаздар туралы заңды бұзу болып табылады. Осындай бұзушылықтар үшін жазалар айтарлықтай қатал әрі айыппұлдар мен түрмеге қамауды қамтиды.

Құпия қызметтік ақпаратқа қатысы бар қағидалар, қызметкердің осы компанияға қатысты құпия ақпараты болған жағдайда, кез келген қор биржасында тіркелген тапсырыс берушілерді, өнім берушілерді және кез келген сауда әріптестерін қоса алғанда, басқа компаниялар туралы ақпаратқа да қолданылады.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ЖӘНЕ ҚҰПИЯ ҚЫЗМЕТТІК АҚПАРАТТЫ ТОЛЫҚ АЙҚЫНДАУ ҮШІН ALSTOM-НЫҢ LGL-WMS-008 «ҚҰПИЯ АҚПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ЖАСАЛАТЫН ЗАҢСЫЗ ОПЕРАЦИЯЛАР» ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢЫЗ НЕМЕСЕ ЗАҢ БӨЛІМІНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.



Alstom басқа компанияны сатып алғалы жатқанын естідім және Alstom-ның акцияларын сатып алғым келеді, өйткені, мәміле ресми жарияланғаннан кейін олардың құны көтерілуі ықтимал. Мұндай акцияларды сатып ала аламын ба?

Жоқ. Alstom-ның қызметкері ретінде сіз «инсайдер» болып саналатын сияқтысыз, демек, мәміле ресми жарияланғанға дейін Alstom-да да, егер осы компания биржада тіркелген болса, нысаналы компанияда да акцияларды сатып ала немесе сата алмайсыз.

ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ МЫСАЛЫ

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК



Alstom-ның зияткерлік меншігі компанияның бағалы активі болып табылады, оның қорғау жөніндегі міндеттемелерді компанияның барлық қызметкерлері көтереді. Alstom-ның зияткерлік меншік құқықтары патенттерді, өнертабыстарға, сызбаларға, тауар белгілеріне, тауарлық және фирмалық атауларға, материалдық емес активтерге, ноу-хауға, коммерциялық құпиялар мен логотиптерге құқықтарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Қызметкерлер зияткерлік меншікті қорғау үшін шаралар қабылдауға және осындай құпия ақпаратқа байланысты жария талқылауларға жол бермеуге міндетті. Alstom компания ынтымақтастық жасайтын басқа адамдар мен компаниялардың заңды зияткерлік меншік құқықтарын Alstom қызметкерлерінің сақтайтынына және бұзбайтынына кепілдік береді.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ ҮШІН ALSTOM-НЫҢ IPD-WMS-008 «ALSTOM-НЫҢ ЗИЯТКЕРШІК МЕНШІГІН ҚОРҒАУ» ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢЫЗ НЕМЕСЕ ЗАҢ БӨЛІМІНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ҮШІН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ



Әлеуметтік желілер ақпарат алмасу және салалық желілерге қатысу үшін маңызды құрал болып табылады. Alstom-ның қызметкерлері ішкі немесе сыртқы әлеуметтік желілер арқылы компания туралы ақпарат алмасқан кезде сақтық танытуға тиіс. Құпия және компанияның меншігі болып есептелетін не адамдарды немесе компанияны қорлайтын, кемсітетін немесе намысына тиетін деп қабылдануы мүмкін ақпаратты беруден аулақ болған жөн. Сонымен қатар, жекелеген адамдардың немесе адамдар топтарының фотосуреттерін жариялаған кезде әрқашан деректердің құпиялылығы туралы ережелерді сақтаған жөн.



АНАҒҰРЛЫМ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ АЛУ
ҮШІН ALSTOM-НЫҢ COM-WMS-013
«ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ»
ДЕГЕН НУСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢЫЗ.

Q Мен Персоналмен жұмыс жөніндегі бөлімнің қызметкері болып табыламын әрі маған LinkedIn тұғырнамасының рекрутері хабарласты, ол біз іске қосқан, соның шеңберінде штатты ұлғайту талап етілетін жаңа жоба туралы хабарды көргендерін айтты. Осы рекрутермен сөйлесіп, жоба және кадрларға деген болашақ қажеттіліктеріміз туралы ақпаратпен бөлісе аламын ба?

A Бұл жағдайда Сіз сақтық танытуға тиіссіз. Бұл сұрау салу бейкүнә болып көрінгенімен, Сіздің Alstom-ның жеке меншігі немесе құпия ақпараты деп есептелуі мүмкін қандай да бір ақпаратты беруге құқығыңыз жоқ. Alstom-ның жобалары туралы қандай да бір мәлімет бермес бұрын Жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлімге консультация алу үшін хабарласыңыз.

— ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ МЫСАЛЫ —

ТАЛДАУШЫЛАРҒА ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ИНВЕТОРЛАРҒА АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ



Alstom бүкіл қаржылық және іскерлік ақпаратты өте мұқият өңдейді және ақпаратты жұртшылыққа жариялаған кезде үлкен сақтық танытады. Сондықтан, Инвесторлармен байланыс жөніндегі бөлім талдаушылар мен инвесторларға ақпарат беру үшін жауап береді. Alstom туралы ақпарат беруге талдаушылар мен инвесторлардың барлық сұрау салулары Инвесторлармен байланыс жөніндегі бөлімнің қарауына жіберілуі тиіс.

Осындай қатысуға Инвесторлармен байланыс жөніндегі бөлімнің алдын ала рұқсаты алынған жағдайды қоспағанда, Alstom-ның қызметкерлері инвесторлардың қатысуымен өтетін іс-шараларға немесе жиналыстарға қатыса алмайды.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ



БАҚ-қа кез келген ақпаратты беру Alstom-ның имиджіне немесе беделіне әсер етуі мүмкін, сондықтан, бүкіл берілетін ақпарат мұқият тексеріліп, бақылануға тиіс. Alstom-ның Жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлімі тапсырыс берушілермен, жетекші мамандармен, талдаушылармен, инвесторлармен, мемлекеттік және басқа да сыртқы мүдделі тараптармен ақпарат алмасуды белсенді басқарады.

БАҚ-қа арналған барлық мәлідемелер немесе сұрау салуларға жауаптар Жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлім арқылы өтуге немесе онымен келісілуі тиіс. Егер сіз сыртқы ұйымдар үшін Alstom-ның атынан өкілдік ететін болсаңыз, онда қандай да бір ақпаратты ұсынбас бұрын Жұртшылықпен байланыс жөніндегі бөлімнің алдын ала рұқсатын алу қажет.

Alstom

48, rue Albert-Dhalenne
93482 Saint-Ouen Cedex
Phone: + 33 1 57 06 90 00
Fax: + 33 1 57 06 96 66

www.alstom.com

ALSTOM
• mobility by nature •